



Шығыс
Қазақстан
облысының
Әкімдігі



Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Қылмыстық-атқару жүйесі
комитеті



Қазақстан
Республикасындағы
Еуропалық Одақ
Өкілдігі

Қазақстан
Республикасындағы
БҰҰ Балалар қоры
(ЮНИСЕФ)



Орталық Азиядағы
Халықаралық түрме
реформасы
PRI

Өскеменде Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі Шығыс Қазақстан облыстық комиссиясының кеңейтілген отырысы өтті

22 ақпан 2016 жыл

ӨСКЕМЕН – Бүгін Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі Шығыс Қазақстан облыстық комиссиясының «Балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі институттар мен мамандардың өзара әрекеттерін және кәмелетке толмағандар пробация қызметін үлгілеу» тақырыбындағы кеңейтілген отырысы өтті.

Шараны Шығыс Қазақстан облысының Әкімдігі, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті, Қазақстандағы БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) және Орталық Азиядағы Халықаралық түрме реформасы (PRI) Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ Өкілдігінің қолдауымен ұйымдастырды.

Отырыстың басты мақсаты болып балалардың құқықтарын қорғау бойынша үйлестіру тетігінің рөлін нығайту және кәмелетке толмағандар пробациясының үлгісін жасау, сонымен қатар, заңмен қайшылықтағы балалар пробациясын жүзеге асырудың озық халықаралық тәжірибелерімен танысып шығу табылды.

Отырыс қатысушылары мен қонақтарына арналған алғы сөзінде Қазақстандағы ЮНИСЕФ Өкілі Юрий Оксамитный балалардың құқықтарын қорғауға, ақпарат алмасуға және негізгі серіктестер арасындағы үйлестіру жұмыстарын жөнге салуға бағытталған кеңейтілген отырыс рөлінің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, ЮНИСЕФ ұйымының Шығыс Қазақстан облысындағы балалардың құқықтарын қорғау бойынша жұмысының негізгі бағыттарына және «2014–2017 жж. арналған Қазақстандағы балаларға арналған әділ сот жүйесін және олардың құқықтарының қорғалуын нығайту» атты ЕО мен ЮНИСЕФ ұйымдарының бірлескен бағдарламасын жүзеге асырудағы бірқатар жетістіктерге де тоқтала кетті.

Орталық Азиядағы Халықаралық түрме реформасы (PRI) ұйымының Өңірлік директоры Азамат Шамбилов келесі жайтқа баса назар аударды, - «Көпшілік мақұлдаған әлемдік тәжірибеде пробация жүйесінің төрт сатысы бар, оларды тек ересектерге ғана емес, қылмыстық жауапкершілік жасына толған кәмелетке толмағандарға да қолдану бас бостандығынан айыруға қатысы жоқ балама шаралар қолдануға, сонымен бірге, заң шегінен шыққан тұлғаларға әлеуметтік қолдау көрсетуді нығайтуға септесуге мүмкіндік береді. Былтырғы жылдың ішінде пробация қызметтерінің есебінше 438 кәмелетке толмаған балаларға қатысты осындай шаралар қолданылған. Есепке алынған тұлғалардың жалпы санынан қоғамдық жұмыстарға – 7, бас бостандығын шектеуге – 325, шартты түрде соттауға – 106 адам кесілген. Жалпы еліміздегі қылмыстық әділ сот жүйесін ізгілендіру тәуелсіздік жылдары ішінде түрмедегі балалар санын айтарлықтай қысқартқан. Осы жобадан біз қолданыстағы пробация механизмін жақсартуға талыпнамыз және мемлекетке оны жетілдірудің ықтимал тәсілдерін ұсынамыз».

Оған қоса, халықаралық кеңесшілер кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі қазақстандық соттарды құжаттаудың негізгі нәтижелерімен таныстырды және Қазақстан Республикасында ювеналдық әділ сот жүйесін дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыруға шолу жасау бойынша өз кеңестерін ұсынды. Әрі Молдовадан келген Пробация қызметі жөніндегі халықаралық сарапшы Владимир Попа Шығыс Қазақстан облысында заңға қайшы әрекетке барған кәмелетке толмағандарға арналған пробация қызметінің сынамалы жобасы туралы баяндап берді, сонымен бірге, қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметінің офицерлеріне, прокуратура органдарының, сот және жергілікті атқарушы органдарының өкілдеріне арналған сарамандық дәрістер өткізді.

Шара барысында қатысушылар балалардың құқықтарын қорғау және кәмелетке толмағандар пробациясы жөніндегі институттар мен мамандарды кіріктіру және олардың бірлесе әрекет ету мүмкіндіктері туралы маңызды мәселелерді талқылады.

Кеңейтілген отырысқа Ұлттық адам құқықтарын қорғау орталығының, ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, ШҚО прокуратура органдарының, сот және жергілікті атқарушы органдарының өкілдері, сондай-ақ, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Қосымша ақпарат алу үшін
PRІ жобаларының үйлестірушісі Жанна Назароваға +7-7172-79-88-84 телефоны немесе
znazarova@penalreform.org э.оштасы арқылы,
ЮНИСЕФ қоғаммен байланыс маманы Ерік Ілиясовпен +7-7172-32-28-78 телефоны немесе
eilyassov@unicef.org э.оштасы арқылы хабарласа аласыздар.